

«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КЕАҚ		НАО «Казанский национальный женский педагогический университет»
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ ДЕПАРТАМЕНТІ		ДЕПАРТАМЕНТ ПОСЛЕВУЗОВСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ
ЕРЕЖЕ		ПРАВИЛА
I РЕДАКЦИЯСЫ		РЕДАКЦИЯ I

«БЕКІТІЛГЕН»

«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» Ке АҚ
Баскарма Төрағасы – Ректордың
№09-02-19/196 бұйрығымен
«18» сәуір 2025 жыл

Докторлық диссертациялық зерттеу нәтижелері бойынша
ғылыми семинар өткізу тәртібі туралы

ЕРЕЖЕ

Е 025 ДДЗНҒС/ЖООКБД -25

Тіркеу № 9
Дана № Түпнұсқа

Енгізілген күні 29. 04. 2025
(күні, айы, жылы)

Алматы қ., 2025 жыл.

Құжатты рұқсатсыз пайдалануға тыйым салынады

МАЗМҰНЫ

1	Қолданылу саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Терминдер мен анықтамалар	3
4	Қысқартулар мен белгілеулер	3
5	Ғылыми семинардың сипаттамасы	4
6	Ғылыми семинардың құрамы	4
7	Ғылыми семинар өткізу тәртібі	5
8	Ғылыми семинарға ұсынылатын құжаттар тізімі	6
9	Жауапкершілік және өкілеттіктер	6
10	Өзгерістер енгізу	7
11	Келісу, сақтау, тарату	7
	Келісу парағы	8
	Танысу парағы	9
	Өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағы	10

1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1. Осы Ереже «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ - да (бұдан әрі – Қоғам) философия докторы (PhD), бейіні бойынша докторы ғылыми дәрежесін алуға ұсынылатын Докторлық диссертациялық зерттеу нәтижелерін (бұдан әрі - ғылыми семинар) ғылыми семинарға шығу талаптарын орындайды.

1.2. Осы Ереже Қоғамның нормативтік құжаттамасының құрамына кіреді және оның талаптары орындау міндетті болып табылады.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Қоғамның Басқарма Төрағасы – Ректордың 2023 жылғы 17 наурыздағы №41 бұйрығымен бекітілген Диссертациялық кеңесі туралы ережесіне *(«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы – Ректордың 2024 жылғы 04 шілдедегі № 268 бұйрығымен ережесіне толықтырулар мен өзгерістер бекітілген)* сәйкес әзірленді.

3. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Докторант	докторантурада білім алып жатқан тұлға;
Докторантура	философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін бере отырып, ғылыми, педагогикалық және (немесе) кәсіби қызмет үшін кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, білім беру бағдарламалары;
Докторлық диссертация	докторанттың ғылыми жұмысы, ол дербес зерттеу болып табылады, онда теориялық ережелер әзірленген, олардың жиынтығы жаңа ғылыми жетістік немесе ғылыми мәселені шешу немесе ғылыми негізделген техникалық, экономикалық немесе технологиялық шешімдерді ұсыну ретінде жіктелуі мүмкін, оларды енгізу ел экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қосады.
Еуропалық трансферт (аударым) және несие жинақтау жүйесі (ECTS)	білім беру бағдарламаларының компоненттеріне (пәндерге, курстарға, модульдерге) кредиттік бірліктерді (кредиттерді) беру тәсілі, олардың көмегімен білім алушылар меңгерген оқу пәндерін (кредиттермен және бағалармен) салыстыру және қайта есептеу білім беру траекториясын, оқу орнын және оқу елін ауыстыру кезінде жүзеге асырылады

4. ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР

ЖООКБД	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті
ЭДО	Электрондық құжат айналымы
ӘОЖ	Әмбебап ондық жіктеу
ДҒЗЖ	Ғылыми-зерттеу жұмысы
ЖОО	Жоғары оқу орны
ҒЗИ	Ғылыми-зерттеу институты

5. ҒЫЛЫМИ СЕМИНАРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ

5.1. Ғылыми семинар - Қоғамның диссертациялық кеңесі туралы ережесінің талаптарын орындау мақсатында ізденуші Докторлық диссертациялық зерттеу нәтижелерін диссертациялық кеңеске ұсыну үшін алдын-ала жүргізілетін кеңейтілген ғылыми жиын.

Ғылыми семинар, Қоғамның докторанттарына және басқа ЖОО мен ҒЗИ докторанттары үшін білім беру бағытына қарай кафедра деңгейінде кеңейтілген түрде өткізіледі.

5.2. Қоғамның және басқа ЖОО немесе ҒЗИ өтінім білдірген докторанттар міндетті түрде бағыт бойынша Ғылыми семинардан өтеді.

– Докторант өзі білім алған ЖОО кеңейтілген отырыстың он қорытындысын алғаннан кейін, диссертациялық жұмыс орындалған ұйымның басшысы Қоғамның бірінші басшысына диссертациялық кеңесті таңдай отырып жұмысты қорғауға қабылдау туралы Ілеспехат жолдайды.

– Қоғамның докторанттары қорғау бағыты бойынша диссертациялық кеңеске/ кафедраға өтініш жазады.

5.3. Ғылыми семинар жұмысы оқу жылы аясында іске асырылады.

6. ҒЫЛЫМИ СЕМИНАРДЫҢ ҚҰРАМЫ

6.1. Диссертациялық кеңес Ғылыми семинарға қатысушылар құрамын белгілейді. Ғылыми семинар құрамын ізденушінің зерттеу саласы мен зерттеу тақырыбының бағытына қарай анықтайды.

6.2. Ғылыми семинардың құрамы:

- Ізденушінің бағыты бойынша Қоғамның бағдарлама көшбасшысы;
- Кафедраның және пәнаралық бағыттағы ғалымдар;
- Ғылыми және басқа да ұйымдар мен университеттердің ғылыми дәрежесі мен жарияланымдары тиісті талаптарға сай келетін өкілдері, практик мамандар (қолданбалы сипаттағы диссертациялар үшін);
- Қоғамның барлық диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері;
- Ғылыми кеңесшілер;
- Болжамды ресми рецензенттер.

Ғылыми семинарға қатысушылар саны 9 (тоғыз) адамнан кем болмауы тиіс.

6.3. Ғылыми семинарға қатысушылар тізімі әр қорғауда ізденушінің зерттеу тақырыбының сәйкестігіне қарай анықталады.

6.4. Ғылыми семинар мүшелерінің жарияланымдары Қоғамның диссертациялық кеңесі туралы ережесінің талаптарына сәйкес келу керек.

6.5. Ғылыми семинардың кеңейтілген отырысының құрамын Диссертациялық кеңес/кафедра анықтап, хаттама негізінде бекітеді.

6.6. Бекітілген кеңейтілген отырыстың құрамының кемінде 2/3-і (үштен екісі) қатысқанда заңды болып саналады. Кворум болмаған жағдайда, Ғылыми семинар басқа күнге ауыстырылады.

7. ҒЫЛЫМИ СЕМИНАР ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

7.1. Докторант докторлық диссертациялық зерттеу нәтижелері бойынша Ғылыми семинарға қатысу үшін диссертациялық кеңес төрағасының атына өтініш жазады.

7.2. Диссертациялық кеңес келіп түскен өтінішті 21 (жиырма бір күн) жұмыс күн ішінде қарастырып, бағыты бойынша Ғылыми семинар құрамын нақтылайды және өткізу күнін белгілейді.

7.3. Диссертациялық кеңес Ғылыми семинар отырысына дейін докторлық жұмысты докторанттың ғылыми зерттеу саласы бойынша ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 2 (екі) маманды сарапшы ретінде белгілеп, жұмысты рецензияға жолдайды.

7.4. Ғылыми семинар өткізу туралы хабарлама 10 (он) күн бұрын Қоғамның әлеуметтік желілерінде жарияланады.

7.5. Ғылыми семинар онлайн/ оффлайн, гибриді форматта ұйымдастырылады.

7.6. Ғылыми семинарға қорғаудың бағытына қарай Қоғамның бағдарлама көшбасшысы немесе диссертациялық кеңестің төрағасы не орынбасары төрағалық етеді.

7.7. Докторанттың ғылыми кеңесшілері қатыспаған жағдайда Ғылыми семинарда докторант диссертациясы бойынша олардың пікірлерін төрағалық етуші немесе хатшы оқиды.

7.8. Ғылыми семинардың қорытындысы негізінде хаттама толтырылып, төраға мен хатшының қолы қойылып, құрылымдық бөлімше (институттың) мөрімен расталады.

7.9. Ғылыми семинар келесі шешімдердің біреуін қабылдау үшін ашық дауыс береді:

- 1) диссертацияны қорғауға ұсыну;
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу;
- 3) диссертацияны қорғауға жіберуден бас тарту.

Диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалатын жағдайда диссертация пысықтауға жіберілмейді.

7.10. Ғылыми семинар нәтижесінде диссертацияға ескертулер берілсе, докторант 14 (он төрт) жұмыс күннің ішінде қайта дұрыстап диссертациялық кеңеске тапсырады.

7.11. Қорғауға ұсынылған жағдайда «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ диссертациялық кеңесі туралы ережесінің талаптарына сәйкес тиісті құжаттармен бірге Ғылыми семинардың оң шешімін диссертациялық кеңестің ғалым хатшысына тапсырады.

7.12. Ғылыми семинардан оң шешімін алған жұмысты диссертациялық кеңес 10 (он) жұмыс күн мерзімнен кешіктірмей құжаттарын қабылдап, қорғау күнін және ресми рецензенттер мен диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін белгілейді.

7.13. Құжаттарды қабылдауды диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы

жүзеге асырады, 2 (екі) жұмыс күні ішінде тіркейді және диссертациялық кеңеске ұсынады.

8. ҒЫЛЫМИ СЕМИНАРҒА ҰСЫНЫЛАТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ

Докторант Ғылыми семинарға келесідей құжаттар тізімін ұсынады:

- 8.1. Ғылыми семинарға қатысу үшін диссертациялық кеңес төрағасының атына жазылған өтініш;
- 8.2. Диссертациялық жұмыс орындалған ЖОО басшысының атынан жазылған Ілеспехаттың көшірмесі (басқа ЖОО немесе ҒЗИ докторанттары үшін);
- 8.3. Қоғамның Диссертациялық кеңесі туралы Ережесіне сәйкес:
 - Докторлық диссертацияның түп нұсқасы (Қоғамның Философия докторы (PhD), бейіні бойынша докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертацияны ресімдеу ережесінің талаптарына сәйкес);
 - Жалпы көлемі 15 беттен кем емес қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аннотация;
 - Отандық және шетелдік кеңесшілердің пікірлері;
 - Бекітілген ғылыми мақалалар тізімі және көшірмелері;
- 8.4. Ізденушіні қорғауға жібергені туралы бұйрық, ғылыми жетекшілерінің және докторлық диссертация тақырыбының бекітілгені жөніндегі Ғылыми кеңес шешімі және бұйрықтың көшірмесі.
- 8.5. Докторант білім алған ЖОО-дан өткен алдын-ала қорғау хаттамасының көшірмесі.
- 8.6. Этикалық комитеттен өткендігін растайтын құжат.
- 8.7. Докторант егер, бітіргеніне 3 жыл өткен болса Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының 4-тарау, 105 - пункті бойынша диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесі (research proposal (ресорч пропозал)) қайта бекітілгенін растайтын құжат және докторлық диссертациялық жұмыстың өзектілігін растайтын кемінде екі ұйымнан анықтама ұсыну қажет.

9. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР

Ережені әзірлеу, оны келісу, бекіту, тіркеу, қолданысқа енгізу үшін жауапкершілік пен өкілеттіктер былайша бөлінеді:

- 9.1. Осы ережені әзірлеуге, атап айтқанда оның мазмұнына, құрылымына, ресімделуіне және енгізілуіне әзірлеушілер жауапты болады.
- 9.2. ЖООКБ департаменті оның уақтылы әзірленуіне, тексерілуіне және ережелердің қайта қаралуына бақылау жүргізуді жүзеге асырады.
- 9.3. Жобаның түпкілікті редакциясы туралы шешімді ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор қабылдайды.
- 9.4. Бекітілген Ереже қызметкерлерінің назарына жеткізу үшін тиісті бөлімшенің басшысы жауапты болады. Танысу туралы жазба «танысу парағында» ресімделуі тиіс.

10. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

Құжатталған ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуді сыртқы нормативтік-құқықтық актілер өзгерген жағдайда ЖООКБ департаментінің директоры жүзеге асырады.

11. КЕЛІСУ, САҚТАУ, ТАРАТУ

11.1. Осы Ережені келісу Басқарма мүшесімен – ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректормен, ЖООКБ департаментінің директорымен, заң бөлімімен, Қоғам қызметкерімен жүзеге асырылады және «келісу парағында» ресімделеді.

11.2. Түпнұсқаны сақтау үшін жауапкершілік ЖООКБ департаментінің аға менеджеріне жүктеледі.

11.3. Ереженің тіркелген жұмыс данасы ЖООКБ департаментіне беріледі.

11.4. Бекітілген ереженің электрондық нұсқасы Қоғамның электрондық құжат айналымы жүйесіне орналастырылады.

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

[illegible]

[illegible]

[illegible]

«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



НЕКОММЕРЧЕСКОЕ
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО
«КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ»

NON-PROFIT JOINT-STOCK COMPANY
«KAZAKH NATIONAL WOMEN'S TEACHER
TRAINING UNIVERSITY»

БҰЙРЫҚ

18.04.2025

Алматы қаласы

ПРИКАЗ

№ 09-02-19/196

город Алматы

Ережені бекіту туралы

Өндірістік қажеттілікке байланысты және Қоғамның 2025 жылдың 01 сәуіріндегі (№7 хаттама) Ғылыми кеңес отырысының шешімін ескере отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жаңа редакцияда бекітілсін:

– Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған докторлық диссертацияны жазу және ресімдеу ережесі осы бұйрықтың 1 қосымшасына сәйкес;

– Докторлық диссертациялық зерттеу нәтижелері бойынша ғылыми семинар өткізу тәртібі туралы ереже осы бұйрықтың 2 қосымшасына сәйкес.

2. Басқарма Төрағасы-Ректордың м.у.а. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы «Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін алуға диссертацияны ресімдеу қағидалары» №447 бұйрығының күші жойылсын.

3. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің директоры М. Абдраймова қабылданған шешімді барлық мүдделі және қатысы бар тұлғалардың назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Басқарма мүшесі - ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор З.Джумакуловқа жүктелсін.

Негіздеме: Басқарма мүшесі - ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор З. Джумакуловтың 09.04.2025 жылғы №2128 қызметтік хаты.

Басқарма Төрағасы – Ректор

Г. Қанай

	дәрежелі болып табылады. / Для проверки электронного документа перейдите по адресу: https://saleoffice.kz/verify и заполните необходимые поля. Для проверки копии электронного документа перейдите по короткой ссылке или считайте QR код. Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.
--	--

Лист согласования

ФИО, подразделение, должность	Тип действия	Время и дата согласования или подписания	Данные по ЭЦП
Есибаева А.К. - Руководитель отдела - Отдел академического сопровождения	Согласовано	16.04.2025 17:32	ЕСИБАЕВА А.К.
Абдраймова М.Р. - Директор департамента - Департамент послевузовского образования	Согласовано	17.04.2025 11:58	АБДРАЙМОВА М.Р.
Маханов М.М. - Руководитель отдела - Юридический отдел	Согласовано	18.04.2025 16:08	МАХАНОВ М.М.
Джумакулов З.Д. - Проректор по научной работе и международному сотрудничеству - Совет директоров	Согласовано	17.04.2025 12:01	ДЖУМАКУЛОВ З.Д.
Қанай Г.Ә. - Председатель правления ректор	Подписано	18.04.2025 16:52	ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, ҚАНАЙ ГҮЛМИРА, Некоммерческое Акционерное общество "Казахский национальный

«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ

№ 7 хаттамасынан

КӨШІРМЕ

Алматы қаласы

«01» сәуір 2025 жыл

Басқарма Төрағасы – Ректор – Қанай Гүлмира Әмірханқызы
Ғылыми кеңес хатшысы – Сабит Ботакөз

ҚАТЫСУШЫЛАР:

Ғылыми кеңес мүшелері – 37

Қатысып отырғаны – 32

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

Әртүрлі мәселе: Докторлық диссертациялық зерттеу нәтижелері бойынша ғылыми семинар өткізу тәртібі туралы Ережені бекіту туралы

ТЫҢДАЛДЫ: Жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің директоры Абдраймова Мөлдір Рашидқызының Докторлық диссертациялық зерттеу нәтижелері бойынша ғылыми семинар өткізу тәртібі туралы Ережені бекіту туралы ақпараты.

ДАУЫС БЕРІЛДІ: «БІР АУЫЗДАН ҚАБЫЛДАНДЫ»

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Әртүрлі мәселе бойынша: Докторлық диссертациялық зерттеу нәтижелері бойынша ғылыми семинар өткізу тәртібі туралы Ереже бекітілсін.

Бас ғалым хатшы



Б. Сабит